

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТЕ



БЕКІТЕМІН  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
ректоры, ҚР ҰҒА академигі,  
д. ф. д., профессор

Садыков Т.С.

«16» қаңтар 2007 г.

№ 5 ХАТТАМАДАН КӨШИРМЕ

«Отан тарихы» кафедрасы отырысы

Алматы қ-сы

«16» қаңтар 2007 г.

Күн тәртібінде:

1. Ж.Ж.Женістің «Ортағасырлық түркілердегі дәстүрлі дүниетаным мен мемлекеттілік: тарихи сабактастық пен өзгерістер (VI-XIII ғ.ғ.)» атты тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасын талқылау, мамандығы 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы).

**Ғылыми кеңесші:** тарих ғылымдарының докторы, профессор Сыздыков С.М.

Тындалды:

1. Төраға, тарих ғылымдарының докторы Е.Х. Халидуллин: Құрметті әріптер! Күн тәртібінде, бүгін біз Ж.Ж.Женістің «Ортағасырлық түркілердегі дәстүрлі дүниетаным мен мемлекеттілік: тарихи сабактастық пен өзгерістер (VI-XIII ғ.ғ.)» атты тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасын талқылаймыз. Сөз алдымен өз жұмысын жалпы таныстыру үшін ізденуші Ж.Женіске беріледі.

2. Женіс Ж.Ж.: Құрметті төраға, құрметті әріптер, сіздердің назарларыңызға «Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі дәстүрлі дүниетаным: тарихи сабактастық пен өзгерістер(VI-XIII ғ.ғ.)» атты тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасын талқылауга ұсынып отырмын.

**Зерттеудің маңыздылығы.** Соңғы жылдары Қазақ мемлекеттілігінің қайта қалпына келтірілуімен жас мемлекетіміздің

тәуелсіздік тұғырын ныгайту мақсатында отан тарихының назардан тыс қалып келген тұстарын зерттеу заман талабы болып отыр. Өйткені, тол тарихымыз үзак жылдар бойы бір жағынан кеңестік идеологияның, екінші жағынан әлем тарихын зерттеудегі euroцентристік көзқарастың қысымымен зерттеу ауқымы тарылып, құлашын кең жаза алмады. Ал, атейстік көзқарас негізгі тұғыры болған кешегі коммунистік идеология рухани процестердің тарихымыздағы орыны жайлы зерттеулер жүргізуге мүмкіншілік бермеді. Тәуелсіздікпен бірге, діннің отанымызың тарихындағы маңызы жайлы алғашқы ғылыми зерттеулер жарық көре бастаганмен, әсіресе, шығыс тілдерін жеткі менгерген дін тарихы бойынша зерттеушілердің әлі де болса жеткіліксіздігінен отандық ғылыми ортада дін мен қоғам ара-қатынасы мәселесі өткір пікірталас нысанына айналып келеді. Оның себебі түсінікті де-үзак жылдар бойы ислам дінімен байланыса қалыптасқан ұлттық идеологиямыздан ажырап, дүниетанымдық адасуды бастан кешудің ауыр рухани-мәдени зардаптарының бірден жою біршама уақытты талап ететіні рас.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен мемлекеттілігімізді баянды ету жолында өткенді дұрыс сарапап, отан тарихындағы көмескі тұстарды қайта зерттеу үшін ортағасырлық түркі мемлекеттерінің тарихын ұлттық дүниетаным тұрғысынан қайта карастыру мәселесі басты назарда болып отыр. Әсіресе сонғы кездері қарқынды насиҳатталып, іске аса бастаган жахандану процесі барысында мәселенің өзектілігі барынша айқын білініп отыр. Дәстүрлі түркілік дүниетанымың өміршендігі мен бейімделгіштігі қазіргі жақандану проблемаларын шешу жолындағы негізгі артықшылық пен ерекшеліктері екендігін дәлелдеп, жахандық мәселелерге тап болып отырган қазіргі жағдайда да түркі мемлекеттерінің тарихындағы рухани аспектілерді мемлекеттік-тәуелсіздік тұрғысынан жүйелі, кешенді түрде зерттең, тарихи сабактастық зандылықтарын еске ала отырып, заманга лайықтыларын пайдалану өз өзектілігін жогалтпай отыр.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Мәселеге қатысты көкейтесті деректерді дәйектеп, дәлелдеу ортағасырлардағы түркілердің дәстүрлі дүниетанымына терең талдау жасаусыз күрделі болып кала береді. Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі дәстүрлі дүниетаным түрлі себептерге байланысты өзгерістерге ұшырағанмен, тарихи кезеңдер барысында өзегі сакталып, тарих сабактастықтың орын алғандығын көреміз. Яғни, Ғұн мемлекетінен бастап Қазак хандығының құлдырау кезеңі аралығында ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі тамырын теренге жіберген дәстүрлі дүниетаным сабактастық жолмен даму үрдісін бастан кешті. Автор ұсынып отырган зерттеуде ортағасырлық түркі мемлекеттерінде қолданыска ие болған діни нанымдардың шығу тегіне талдау жасауды мақсат етпейді. Бұл салада жүргізілген отандық және шетелдік зерттеушілердің зерттеулері жеткілікті екендігін айтуымыз керек. Ұсынылып отырган зерттеуде де түркілердің дәстүрлі дүниетанымының түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуы

барысындағы орынын қайта елкен өткізе қарастыру зерттеу мақсатына жатады. Сондай-ақ өзіндік төл дәстүрлі дүниетанымды бөгде идеялармен алмастырған ортагасырлық түркілік мемлекеттердегі саяси дағдарыстың негізгі себебі ретінде осы идеологиялық ауыс-түйістерді қарастыру, сол арқылы ортагасырлық түркі мемлекеттерінің дамуындағы ерекшеліктерге объективті баға беру де зерттеу мақсатына жатады.

Сонымен бірге, кезіргі кезеңдегі еліміздің мемлекеттік-ұлттық идеологиялық тұғырнама таңдау кезеңінде аталмыш мәселенің тарихи маңызын ашып, көрсетіп беру де зерттеу мақсатына жатады. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «ұлттық идея ол ең алдымен өзінің ұлттық тұластығын айқын сезінуге негізделеді. Ұлттық идея қоғамның өз ізінде пісіп жетіледі. Оnda сырттан таңылған сипат болмайды. Ұлттық идея идеологиялық жәдігейлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады. Ұлттық идеяны қалыптастыруымыз өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болмак" деген еді. Осыған орай, жас тәуелсіз еліміздің тарихи құндылықтарын қайта түгендер, тарихи ақиқаттарды қайта калпына келтіру арқылы тәуелсіз еліміздегі идеологиялық бағыттардың тарихи негізін жасау да зерттеу мақсаты болып табылады. Бұдан өзге, соңғы кездері еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тарапынан көтеріліп жүрген «Орталық Азия мемлекеттерінің одағын» құру жөніндегі идеясының жүзеге асуы үшін қажетті осы мемлекеттердің бірігуінің тарихи негізділігін анықтауда, түркі мемлекеттерінің болашақ одағының идеялық негізін калауда да осындай зерттеулердің өзектілігі анық.

Түркілердің дәстүрлі дүниетанымының олар құрған мемлекеттегі орынын зерттеу осы кезге дейін қарастырылған діннің ортагасырлық түркі қоғамының саяси, мәдени және экономикалық маңызына қоса оның идеологиялық аспектілерін де ескеруге бағытталған қадам болып саналады. Тарихи зерттеу арқылы тарихи танымның көзіргі қоғамымыздығы жүріп жатқан қоғамдық қатынастарға қалай әсер ете алатындығын да ескеруге болады. Зерттеуде бір мезгілде дәстүрлі дүниетанымының жаңа дүниетанымдық құндылықтармен ара-қатынасы, олардың бір-біріне әсері және оның қоғам өміріндегі саяси, мәдени-рухани салдарлары тарихи түрғыда қарастырылады. Осы орайда ортагасырлардағы түркі мемлекеттеріндегі идеологиялық күрес мәселесінің саяси-рухани нәтижелерін анықтау осы мақсаттардың негізгі болып табылады. Зерттеу алдына қойылған мақсаттарды орындау үшін зерттеу жұмысына төмендегідей міндеттер қойылды:

—Ортагасырлық түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуындағы керекті жүйе ретіндегі мемлекеттік идеологияның өзегі болған дәстүрлі дүниетанымының түркі қоғамындағы орынын анықтау;

—Түркі мемлекеттерінің саяси-мәдени түрғыда құлдырап, жогалуында сыртқы құштердің әсерінен дәстүрлі дүниетанымдық бағыт-

бағдардың басқаша сипат алып, өзгеріске ұшырауының катысын ашып көрсету;

—Ортагасырлық түркі мемлекеттеріндегі рухани дагдарыс кезеңінде түркі қогамына енген ислам дінінің түркі мемлекеттеріндегі дүниетанымдық бағдарга айналу барысының ерекшеліктерін көрсету;

—Исламданған түркі қогамындағы дәстүрлі және жаңа дүниетанымдардың қақтығысы мен ымыраласуы зандылықтарының себептерін түсіндіру;

—Шыңғысхан империясындағы дәстүрлі дүниетаным ерекшеліктерін талдау;

—Ортагасырлық түркі мемлекеттері тарихындағы дәстүрлі дүниетанымның тарихи сабактастығының маңызын көрсету; Гылыми жаңалығы.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы**—ортагасырлық түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуындағы және құлдырап, жоғалуындағы дәстүрлі түркілік дүниетанымның орыны, тарихи кезендер барысында оның басқа әлемдік діндер әсерінен өзгеріске ұшырай отырып өз сабактастығын сақтап қалғандығы алғаш рет кең көлемде арнайы ғылыми зерттеудің нысанына айналып отыргандығында. Алғаш рет түркілер құрған мемлекеттік құрылымдардағы дәстүрлі дүниетанымның негізі ретінде түркілердің дәстүрлі дүниетанымы карастырылады. Түркі мемлекеттерінің құрылуы мен өрлеуіне, құлдырауы мен жоғалуына басқа әлемдік идеялардың әсері, оларға жергілікті, дәстүрлі идеялардың қарсылығы жан-жақты карастырылады. Сонымен жұмыстың жаңалықтары ретінде мыналарды көрсетуге болады:

—Ерте түркі мемлекеттілігінің пайда болу кезеңіндегі (сақ, үйсін, қанлы) түркілердің алғашқы діни сенімдері де қарапайым формада қалыптасып, сол мемлекеттердің дамуына ықпал етті;

—Ортагасырлық түркі мемлекеттерінде міндетті мемлекеттік құрылым ретінде дәстүрлі дүниетаным өзегі болған төл идеологиялық жүйесі болды;

—Ортагасырлық түркі мемлекеттерінің құрылуына, іргесінің бекуіне дәстүрлі дүниетаным шешуші ықпал етті;

—Дәстүрлі түркі мемлекеттілігінің өзгеріске ұшырауына түркілердің өздік діни-сенімдік жүйесінің бұзылуы ықпал етті;

—Жекелеген ортагасырлық түркі мемлекеттерінің құрып, жоғалып кетуіне олардың өз дәстүрлі дүниетанымдық бағыт-бағдарынан мүлдем бас тартуы әсер етті;

—Түркі даласына ислам дінінің тарапу карсанында көптеген түркі мемлекеттері ел ретінде жоғалу қаупі алдында тұрды;

—Ислам дінін қабылдауымен түркі мемлекеттері қайта өрлеу үрдісін бастан кешті;

—Ислам діні түркілердің дәстүрлі дүниетанымын өзгеріске ұшыратқанмен, оны мұлде жойған жок-екі идея өзара бірін бірі толықтыра отырып, дамыды;

—Ислам ішілік ағымдар, түркі түркі мемлекеттерінің діни-секталық негізде одан әрі болшектенуіне өз әсерін тигізді;

—Шыңғыс хан-көне, дәстүрлі түркілік дәстүрлі дүниетанымды мемлекеттік дәрежеде қайта жаңғыртуши.

**Зерттеудің методологиялық және теориялық негізі.** Кейінгі кездері отандық тарихнамада тарихты зерттеудің ескірген дәстүрлі әдістерімен қатар жаңа әдістерді де қолдану үрдісі пайда болды. Бұл зерттеу жұмысында басты қолданылған әдіс те дәстүрлі және жаңа тәсілдерді біріктіре отырып, кешенді зерттеу әдісін пайдаландық. Сонымен бірге дәстүрлі дүниетаным, дін және идеологиялық күрестер сияқты күрделі мәселелерді қарастыру үшін пәнаралық зерттеу тәсілін де қолдандық.

Зерттеу кезінде соңғы кездері табысты жүргізіліп жатқан отандық зерттеушілердің зерттеулері мен кенес дәуірінде белгілі идеологиялық шеңбер аясында жасалған зерттеулерді қатар қолдану барысында тарихи-салыстырмалы талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асты.

Қазіргі әлемде орын алған отырған жахандану, өркениеттер қактығысы кезеңінде жүргізіліп жатқан шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде осы зерттеушілерге тән мәселеге еуроцентристік көзқараспен қарау үрдісі өз белсенділігін одан әрі арттыру өз маңыздылығын жогалтпай отыр. Әсіресе белгілі бір идеялық бағытты бағдар еткен топтардың келесі бір құндылықтарды ұстанатын болікке қарсы идеологиялық шабуылдары күш алған отырған кезінде осындай көңіл күйде жасалған зерттеулерге байыптырақ қарауды талап етеді. Соңдықтан да біз өз зерттеуімізде осындай еңбектерге объективті сыйни көзқараспен қарау қажеттілігі туындағы.

Сонымен, ортағасырлық түркі мемлекеттік құрылымдарындағы дәстүрлі дүниетанымды жаңаша көзқарас түрғысынан саралау, қалыптасқан қазіргі кезеңдегі объективтік және сыйышті талдау мен сараптау принципі басты ұстанымда болды. Әдістемелік негізі тарихи-объективтілік және жүйелілік болып табылады. Диссертациядагы кейір мәселелерді нақтылай түсу үшін проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихилық тәсілдері қолданылды.

**Зерттеудің хронологиялық шеңбері.** Түркі мемлекеттілігі мен дәстүрлі түркі дүниетанымының қалыптасу зандылықтарына сипаттама бергенде кіріспе ретінде сак, үйсін дәуіріне шеңгініс жасалды.

Ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің мемлекеттік құрылымдарындағы дәстүрлі дүниетанымның сабактастығы мен өзгерістер мәселесін қарастырганда Түркі қaganатының (VI-IX ғ.ғ.) құрылу кезеңінен басталды. Хронологиялық тәртіпті сактай отырып, ислам дінін қабылдаған Қарахандар мемлекетінің құрылу, өрлеу және құлдырау кезеңдерін қамти келе, Шыңғысхан империясының құрылу кезеңдері аралығындағы мерзім алынды.

Соңғы тарауда корытынды ретінде дәстүрлі дүниетанымының кейінгі кезеңдердегі түркі мемлекеттеріндегі жай-жапсары мен идеологиялық

халкының заңды бірден-бір мемлекеттіке идеологиялық құқыкка ие болуында еді. Қазақтың дін тарихын зерттеушілердің пайымдауынша, ортағасырлардан бері ұзак уақыттар бойы қазақ мемлекетінде ислам діні, иассауиия сопылық ағымы ресми идеологиялық тұғырда болып, қазақ мемлекеттерінің негізгі бағыт-бағдарын белгілеп беріп отырган.

Түркі мемлекеттерінің ортағасырлық тарихын зерттеуде осы мемлекеттердің құрылуы мен ыдырауы кезеңіндегі діни факторлардың бұрын беймәлім болып қырларын зерттеу бір ғана зерттеу жұмысымен шектелмеуі тиіс. Соңғы кездері отандық тарихшылар Қазақ мемлекеттілігінің құрылып, қалыптасуындағы ислам дінінің, сопылық ағымдардың маңызын сарапалауга арналған зерттеулер жүргізуде. Осы орайда діни сенімдердің түркі мемлекеттеріндегі орынын анықтауда дәстүрлі дүниетанымның тарихи сабактастығын кешенді түрде қарастыру тарихымыздың тиянақты жөне шынайы зерттелуінің кепілі болары анық.

#### **Сұралтар:**

**Доцент Берлібаев Б.Т.:** Диссертациялық зерттеудің хронологиялық шенберінің алтыншы-он үшінші ғасырларды қамтуының не себебі бар?

**Жауап:** Диссертациялық жұмыстың хронологиялық шенберінің аталған кезеңді ғана қамтуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, Ұлы далада рухани процестердің дені осы алынған хронологиялық шенбер ішінде болып отті. Сактардан бергі кезең, үйсіндер, ғұндар дәуірі бұл түркілік дүниетанымның қалыптасып, гүлденген кезеңі десек те болады. Дәл осы кезеңде кошпендерлер оздерінің мемлекеттілігін империялық дәрежеге жеткізді. Бұған олардың діни сенімдерінің ықпалының болғаны шындық. Ал, ұсынылып отырган зерттеуде, әрине, сактар мен ғұндар кезіндегі рухани ақуалға қысқаша сипаттама беріледі. Дегенмен, мәселеге тұтастық тұрғыдан келу үшін Түркі қағанатының құрылу кезеңін хронологиялық бастау етіп алдық. Өйткені, дәл осы кезеңде кошпендерлер даласында идеялық кайшылықтар, діни аласапыран мен рухани өзгерістер көрініс тапты.

**Доцент Мецлібаев Ф.А.:** Зерттеу жұмысының жетінші-он үшінші ғасырларды қамтуының себебі не? Егер зерттеудің хронологиялық бастауын сактар, ғұндар дәуірінен бастасаңыз зерттеудің маңызы арта түсер еді.

**Жауап:** Бұл сұралка қосымша жауап ретінде мынаны айта кетуге болады. Диссертациялық жұмыста түркі алды дәстүрлі дүниетанымының пайда болып, қалыптасуы кезеңіне тоқталғанда сактар мен ғұндардың діни сенімдеріне қысқаша сипаттама берілді. Мысалы, Ә.Фирдаусидің «Шахнама» тарихи жырынан тұрандықтардың діни сенім формалары туралы деректері келтірілді. Атап айтсак, тұрандықтардың ай мен күнге табынуы, көне түркі жазба ескерткіштеріндегідей жерді-аналық бастау,

аспанды-әкелік бастау еткендігі белгілі. Олар сондай-ақ бақсыжадышылардың көмегімен ауа-райына әсер етіп, қар, жаңбыр, боран келтіруге болады деп сенген. «Шахнамадағы» осы тәрізді мәліметтерді талдасадақ, түркілік дүниетанымның кейде ирандықтардың діни сенімімен ортақтықтарға ие екендігін, кейде олардан еркеше, төл екендігін байқаймыз. Үйсіндердегі сенім формалары мен элементтеріне де жұмыс барысында тоқталдық.

**Доцент Берлібаев Б.Т.:** Даланың ауызша тарихы, шежіре деректері тарихнамалық негіз бола алды ма?

**Жауап:** Халқымыздың тарихын зерттеуде даланың ауызша тарихы, шежірлердің тарихнамалық маныздылығы талас тудырмайды. Әсіресе исламнан кейінге отан тарихын, Қазак хандығының тарихын зерттеуде шежіре деректеріне арқа сүйегеннің берері мол. Өкінішке орай қолдагы шежіре деректері қобінесе ислам дінінің казақ арасына тарауына орай исламдық, қарахандық сипат алып, оларға дейінгі тарихты қарастырганда аса дәл бола бермейді. Сондықтан да біз шежіре деректерін тек исламданған түркі қогамын зерттегендегі пайдаландық.

#### **Сөз сойлекендер:**

**т.ғ.д., профессор Мұқаметқанұлы Н.:** Осы кезге дейін қазақ тарихының айтылмаган әңгімесі, талданбаган тараулары көп. Жеке тарихи оқиғалар, тарихи қайраткерлердің былай қойғанда, тұтас замандар, дәуірлер жайлар көмескі тұстар баршылық. Сондықтан да, қазірге дейінгі қазақ тарихы дегеніміз, тым асырып айтқанның өзінде тарихтың өзі емес, тек желілері десек артық айтқандық болмас. Қазақстан тарихы тақырыбына жазылған әрбір тың енбекке, сындарлы ізденістерге ерекше көніл бөлөтіндігіміз де сондықтан. Ізденуші Ж.Женістің «Ортагасырлық түркі мемлекеттеріндегі дәстүрлі дүниетаным: тарихи сабактастық пен өзгерістер (VI-XIII ғ.ғ.)» атты диссертациялық жұмыспен танысқанда біз тарих ғылымы саласындағы соны серпілістің, тың бетбұрыстың нышанын байқағандай болдық. Өйткені, діннің ортагасырлық түркі мемлекеттеріне ықпалы белгілі сияқты қорінгенмен, осыны жүйелеп қорсету, зерттеу жағы кемшіндеу еді. Міне, осы курделі проблеманың жаңаша қотерілгенін Ж.Женіс өз диссертациясында алға қойған міндеттерінен айқын қорсетеді. Атальмыш міндеттердің әрқайысы кейін жеке-жеке қалың зерттеулерге негіз бола алатынына күман жок.

Осы салада дайындалып жатқан зерттеулердің алғашқыларының бірі болғандықтан кемшіліктесіз де емес. Ең алдымен диссертациялық жұмыстың тақырыбын нактылау етіп, «Ортагасырлық түркілердегі дүниетаным мен мемлекеттіліктің сабактастығы мен өзгерістері (VI-XIII ғ.ғ.)» етіп өзгерту туралы ұсынысым бар.

Сондай-ақ жұмыста тарихи зандаудың тұтас қамтылған да теориялық тұстастық кемшіндеу. Жоғарыдағы атальшып өткен ескертпелерге толық

косыламын. Қанлылар, үйсіндер, сактар дүниетанымы, оның көктүріктердің сенімімен байланысына кеңірек тоқталған жөн. Бұл орайда К.Ақышевтың, түрік ғалымы Өгейдін, Марғұланның еңбектері бар. Ізденуші дұрыс байқағандай түркі дүниетанымы, түркі империясына апарды. Алайда диссертацияда дүниетаным мәселесі кеңірек қамтылады да, мемлекеттілік мәселесіне аз орын беріледі. Тагы бір тілек, кіріспені қайта қарастырып, кеңейту қажет. Осындай диссертация маңыздылығына аса әсер ете қоймайтын кемшіліктерді түзесе нұр үстіне нұр болар еді.

**Т.Е.К., доцент Менлібаев Ф.А.:** Ізденуші Ж.Жеңістің «Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі дәстүрлі дүниетаным: тарихи сабактастық пен өзгерістер(VI-XIII ғ.ғ.)» атты диссертациялық жұмысының қолжазбасымен таныса отырып, үлкен қанағаттанушылық сезімде болдым. Біріншіден, еліміз тәуелсіздікке ие болғалы қоғамымыздың үміті ақталып, шет телдерін менгерген, дайындығы мол жастардың тарих саласына келіп, дін тарихы, рухани процестер жайлы бұрын тасада қалған мәселелер төңірегіндегі зерттеулерге кіріскендігі қуантса, екіншіден, діннің қазақ тарихындағы орыны мен маңызын дөп басып көрсете білген осындай зерттеулердің басталғандығына толқыдым. Хазар қаганатының түбіне не жетті? Жат жерлік діни идеялар жетті. Ұйғыр қаганатының құлауына не себеп болды? Әрине, түркілік емес бөгде діндер. Алысқа ұзамай-ақ күні кеше ғана кеңестік әпербақан саясаттың дінді кудалаган не берді? Халқымыз осы рухани аштықтан құлдырап, тоз-тоз болмадық па? Қазақтың түсіне кірмеген небір сұмдықтар дәл осы дінсіздіктен шықты. Қазіргі кезде де бұрынғы тарихымызда болған тарихи оқиғалар белең алып келеді. Жат діндер елімізге тоғытылды. Қоң қазақ өз дінінен жерінді. Хазар қаганатындағы, Ұйғыр мемлекетіндегі оқиғалардың қайта белең алмасына кім кепіл? Қоріп отырғанымыздай осындай зерттеулер дәл қазіргі еліміз үшін ауадай қажет. Сондыктан да мен ұсынылып отырған жұмыстың қокейтестілігіне келісемін. Қолжазбамен танысу барысында еңбектің тілінің жатықтығына, сілтемелердің ретімен қолданылғандығына, материалдардың молшылығына ризашылық ниетте болдым.

Дегенмен, төмендегідей аздаған кемшіліктерге де тоқтала кеткім келіп тұр. Ізденуші осыншама нақты, мол мәліметтерді пайдалана отырып, оларды корытындылауга, тұжырымдауга келгенде әлсіздік танытады. Тарихи сипаттама, өз ойын білдіру жағы кемшіндеу. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы территориясындағы дүниетанымның даму эволюциясын кешенді түрде қарастыrsa дұрыс болар еді. Егер диссертациялық жұмыска соңғы кездері жасалған археологиялық, антропологиялық зерттеу нәтижелерін де көбірек пайдаланса жұмыстың күны арта түсер еді.

**Саясат.ғ.д., профессор Шалтыков А.И.:** Дін, қай қалыпта болмасын, бүкіл ортағасырлық қоғамда, оның ішінде түркі мемлекеттерінің

тарихында да маңызды орынга ие болды. Мемлекеттің тағдырына саяси-экономикалық өзгерістер, мәдени ықпал әсер етері сөзсіз. Осылармен қатар дін де мемлекет өміріне белсене араласты. Дін-мемлекетті құрды, дамытты, ыдыратты. Дегенмен, откен кеңестік тәртіп пен идеологиялық курсау осы ақиқатты ашуға мүмкіндік бермеді. Отан тарихын зерттеуде діни факторлар әрқашан шеттетіліп, «кулыптаулық» тақырыпка айналды. Дегенмен, еліміздің тәуелсіздік алып, саяси жүйенің өзгеруімен, зерттеу ауқымымыз кеңіп, идеологиялық тәуелділіктен құтылдық. Міне, осындай жағдайда тарихымыздың бұрын қарастырылмаган тұстарын зерделеуді колға алдық. Бұл жұмыс та осындай талпыныстан туындаған зерттеу.

### Қорытынды

Ж.Ж.Женістің «Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі дәстүрлі дүниетаным: тарихи сабактастық пен өзгерістер(VI-XIII ғ.ғ.)» атты 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның өз алдына жасалған толық аяқталған жұмыс.

**Зерттеудің маңыздылығы.** Соңғы жылдары Қазақ мемлекеттілігінің қайта қалпына келтірілуімен жас мемлекетіміздің тәуелсіздік тұғырын нығайту мақсатында отан тарихының назардан тыс қалып келген тұстарын зерттеу заман талабы болып отыр. Әйткені, төл тарихымыз ұзак жылдар бойы бір жағынан кеңестік идеологияның, екінші жағынан әлем тарихын зерттеудегі еуроцентристік көзқарастың қысымымен зерттеу ауқымы тарылып, құлашын кең жаза алмады. Ал, атейстік көзқарас негізгі тұғыры болған кешегі коммунистік идеология рухани процестердің тарихымыздағы орыны жайлы зерттеулер жүргізуге мүмкіншілік бермеді. Тәуелсіздікпен бірге, діннің отанымыздың тарихындағы маңызы жайлы алғашқы ғылыми зерттеулер жарық көре бастаганмен, әсіресе, шығыс тілдерін жетік менгерген дін тарихы бойынша зерттеушілердің әлі де болса жеткіліксіздігінен отандық ғылыми ортада дін мен қоғам ара-қатынасы мәселесі өткір пікірталас нысанына айналып келеді. Оның себебі түсінікті де-ұзак жылдар бойы ислам дінімен байланыса қалыптасқан ұлттық идеологиямыздан ажырап, дүниетанымдық адасуды бастан кешудің ауыр рухани-мәдени зардаптарының бірден жою біршама уақытты талап ететіні рас.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен мемлекеттілігімізді баянды ету жолында откенді дұрыс саралап, отан тарихындағы көмескі тұстарды қайта зерттеу үшін ортағасырлық түркі мемлекеттерінің тарихын ұлттық дүниетаным тұрғысынан қайта қарастыру мәселесі басты назарда болып отыр. Әсіресе соңғы кездері қарқынды насиҳатталып, іске аса бастаган жахандану процесі барысында мәселенің өзектілігі барынша айқын білініп отыр. Дәстүрлі түркілік дүниетанымның өміршендігі мен бейімделгіштігі қазіргі жақандану проблемаларын шешу жолындағы негізгі артықшылық пен ерекшеліктері екендігін дәлелдеп, жахандық мәселелерге тап болып отырган қазіргі жағдайда да түркі

мемлекеттерінің тарихындағы рухани аспектілерді мемлекеттік тәуелсіздік тұрғысынан жүйелі, кешенді турде зерттеп, тарихи сабактастық зандалықтарын еске ала отырып, заманға лайықтыларын пайдалану өз өзектілігін жогалтпай отыр.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы**—ортағасырлық түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуындағы және құлдырап, жогалуындағы дәстүрлі түркілік дүниетанымның орыны, тарихи кезендер барысында оның басқа әлемдік діндер әсерінен өзгеріске ұшырай отырып өз сабактастығын сақтап қалғандығы алғаш рет кең көлемде арнайы ғылыми зерттеудің нысанына айналып отыргандығында. Алғаш рет түркілер құрган мемлекеттік құрылымдардағы дәстүрлі дүниетанымның негізі ретінде түркілердің дәстүрлі дүниетанымы қарастырылады. Түркі мемлекеттерінің құрылуы мен өрлеуіне, құлдырауы мен жогалуына басқа әлемдік идеялардың әсері, оларға жергілікті, дәстүрлі идеялардың қарсылығы жан-жақты қарастырылады. Сонымен жұмыстың жаңалықтары ретінде мыналарды көрсетуге болады:

—Ерте түркі мемлекеттілігінің пайда болу кезеңіндегі (сақ, үйсін, қаңлы) түркілердің алғашқы діни сенімдері де қарапайым формада қалыптасып, сол мемлекеттердің дамуына ықпал етті;

—Ортағасырлық түркі мемлекеттерінде міндетті мемлекеттік құрылым ретінде дәстүрлі дүниетаным өзегі болған төл идеологиялық жүйесі болды;

—Ортағасырлық түркі мемлекеттерінің құрылуына, іргесінің бекуіне дәстүрлі дүниетаным шешуші ықпал етті;

—Дәстүрлі түркі мемлекеттілігінің өзгеріске ұшырауына түркілердің өздік діни-сенімдік жүйесінің бұзылуы ықпал етті;

—Жекелеген ортағасырлық түркі мемлекеттерінің құрып, жогалып кетуіне олардың өз дәстүрлі дүниетанымдың бағыт-бағдарынан мұлдем бас тартуы әсер етті;

—Түркі даласына ислам дінінің тарапу қарсаңында көптеген түркі мемлекеттері ел ретінде жогалу қаупі алдында тұрды;

—Ислам дінін қабылдауымен түркі мемлекеттері қайта өрлеу үрдісін бастан кешті;

—Ислам діні түркілердің дәстүрлі дүниетанымын өзгеріске ұшыратқанмен, оны мұлде жойған жоқ-екі идея өзара бірін бірі толықтыра отырып, дамыды;

—Ислам ішілік ағымдар, түркі түркі мемлекеттерінің діни-секталық негізде одан әрі бөлшектенуіне өз әсерін тигізді;

—Шыңғыс хан-көне, дәстүрлі түркілік дәстүрлі дүниетанымды мемлекеттік дәрежеде қайта жаңғыртуышы.

**Зерттеудің методологиялық және теориялық негізі.** Кейінгі кездері отандық тарихнамада тарихты зерттеудің ескірген дәстүрлі әдістерімен қатар жаңа әдістерді де қолдану үрдісі пайда болды. Бұл зерттеу жұмысында басты қолданылған әдіс те дәстүрлі және жаңа тәсілдердің біріктіре отырып, кешенді зерттеу әдісін пайдаланды.

Сонымен бірге дәстүрлі дүниетаным, дін және идеологиялық күрестер сияқты күрделі мәселелерді қарастыру үшін пәнаралық зерттеу тәсілін де колдандық.

Зерттеу кезінде соңғы кездері табысты жүргізіліп жатқан отандық зерттеушілердің зерттеулері мен кеңес дәуірінде белгілі идеологиялық шенбер аясында жасалған зерттеулердің катар колдану барысында тарихи-салыстырмалы талдау әдістерін колдану арқылы жүзеге асты.

Казіргі әлемде орын алған отырган жахандану, өркениеттер қақтығысы кезеңінде жүргізіліп жатқан шетелдік зерттеушілердің енбектерінде осы зерттеушілерге тән мәселеге евроцентристік көзқараспен, карау үрдісі өз белсенділігін одан әрі арттыру өз маңыздылығын жогалтпай отыр. Әсіреле белгілі бір идеялық бағытты бағдар еткен топтардың келесі бір құндылықтарды үстанатын бөлікке карсы идеологиялық шабуылдары күш алған отырган кезінде осындай көңіл күйде жасалған зерттеулерге байыптырақ карауды талап етеді. Сондыктан да біз өз зерттеуімізде осындай енбектерге объективті сынни көзқараспен карау қажеттілігі туындалады.

Сонымен, ортагасырлық түркі мемлекеттік құрылымдарындағы дәстүрлі дүниетанымды жаңаша көзқарас тұрғысынан саралау, қалыптаскан қазіргі кезеңдегі объективтік және сыншыл талдау мен сараптау принципі басты үстанымда болды. Әдістемелік негізі тарихи-объективтілік және жүйелілік болып табылады. Диссертациядағы кейбір мәселелердің нақтылай түсу үшін проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихилық тәсілдері колданылды.

**Зерттеу нәтижелерінің қолданыстырылышы.** Халықтардың бүкіл тарихы олардың өмірлерінің барлық салаларына әсер еткен дінмен тығыз байланысты. Қоғамдық психологияда дінге ұлттық құндылықтарды мәңгілікке сактаушы ретінде діни және ұлттық қатынастардың тұтастығы туралы түсінік қалыптасқан. Ұлттық ғасырлар бойы жасаған мәдени жетістіктері дінмен тығыз байланысты. Міне сондыктан да ұсынылып отырган зерттеудің ұлттық құндылықтардың түгендеуге ұмтылып жатқан қазіргі кезеңде жас ұрпақтың ұлттық құндылықтардың сакталуында діннің маңызын жете түсініп, оны тарихи тұрғыда зерделей білуі үшін маңызды. Зерттеу арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, халқымыздың ұлттық құндылықтарына айналған дәстүрлі дүниетанымының өміршендігі дәлелденеді. Осы арқылы қазіргі кездегі еліміздің ұлттық-мемлекеттік идеологиясының қалыптасу кезеңіндегі ахуалға оң ықпалын тигізери анық.

Отанымыздың тарихындағы орын алған идеологиялық күрес және оның саяси-әлеуметтік және рухани-мәдени нәтижелері қазіргі кезде орын алған отырган жахандану кезеңінде халқымыздың рухани құндылықтарының сакталып, тәуелсіз еліміздің іргесін бекітудегі ғылыми базасы болары сөзсіз.

Сондай-ак, зерттеу жұмысы тарихшыларға, саясаттанушыларға, мәдениеттанушылар мен дінтанушылар үшін керекті енбек. Зерттеу

корытындыларын VI-XIII ғ.ғ. аралығындағы Отан тарихын, сондай-ақ әлем мәдениеттерінің өзара ықпалдастықтарын оқыту кезінде арнайы курстарға пайдалануға болады.

### ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:


1. Ж.Ж.Женістің «Ортағасырлық түркілердегі дәстүрлі дүниетаным мен мемлекеттілік: тарихи сабактастық пен өзгерістер (VI-XIII ғ.ғ.)» атты 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы «КНАСОН МОН РК ғылыми атақтар беру ережесінің» 2-ші тармағының талаптарына жауап береді және корғауға ұсынуға болады.
2. Ж.Ж.Женістің «Ортағасырлық түркілердегі дәстүрлі дүниетаным мен мемлекеттілік: тарихи сабактастық пен өзгерістер (VI-XIII ғ.ғ.)» атты, мамандығы 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның колжазбасын корғауға ұсыну.
3. «Отан тарихы» кафедрасының мәжілісінің корытындысын бекіту. Ізденушінің айтылған ескертудерді дұрыстайтынын ескере отырып, корғауға ұсыну.

Дауыс беру қорытындысы: барлығы жақтап дауыс берді, карсы болғандар, калыс қалғандар жок.

**Қатысқандар: 12 адам.**

1. Халидуллин Г.Х. – т.ғ.д.
2. Шалекенов М.У. – т.ғ.д., профессор
3. Абылхожин Ж.Б. – т.ғ.д.
4. Жанғуттин Б.О. – т.ғ.к., доцент
5. Берлібаев Б.Т. – т.ғ.к., доцент
6. Қаиргалиев М.К. – т.ғ.к., доцент
7. Менлібаев Ф.А. – т.ғ.к., доцент
8. Шалтыков А.И. – с.ғ. д., профессор
9. Нұрман Ш.Т. – т.ғ.к., аға. оқытушы.
10. Аймаганбетова Г.Е.- оқытушы.
11. Құлдыбаев Е.К. - оқытушы.
12. Ногаева З.К. - оқытушы.

Абай атындағы ҚазҰПУ «Отан тарихы»  
кафедрасы мәжілісінің төрағасы  
т.ғ.д., профессор

  
*Халидуллин* *Г.Х.*  
Г.Х. Халидуллин

Хатшы

  
*Кадыров*

А.К. Қадыров